

---

# ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

### ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

ӘОЖ 81'1

У.М. Бахтикиреева<sup>1</sup>, А.Ш. Каппасова<sup>2</sup>, А.Е. Капанова<sup>2</sup>, А.Ж. Абдикадирова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей;

<sup>2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: ai\_kerim.k@mail.ru)

#### **«Жақсылық»/«жамандық» концептілерін құрушы тұрақты тіркестер және олардың стильдік қызметі**

Мақалада когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымының бірі — концепт мәселесі, соның ішінде «жақсылық»/«жамандық» концептілерін құрушы тұрақты тіркестер және олардың стильдік қызметі қарастырылды. Жақсылық пен жамандық лексемаларының лингвистикалық түсіндірілуі игілік, амандық, мейірімділік, рақымдылық, әдептілік, адалдық, пайда, бақыт, сәттілік, парыз, жақсы, игі іс, жақсы қарым-қатынас, молшылық, келісу, зиян, қырсық, бақытсыздық, қаталдық, кінә тағу, жағымсыздық, жаман сезім, ыза, ашу, өкініш, күнә, кек, өкпе, тағы басқа ұғымдармен нақтыланып, М.Әуезов шығармалары негізінде дәлелденді. Фразеологизмдер мағыналарына қарай «жақсылық»/«жамандық» мазмұндағы концептілер деп бөлінді. Және сол жіктеу арқылы қарама-қарсы қойылған «жақсылық»/«жамандық» концептілерінің мазмұны терең ашыла түсті.

*Кілт сөздер:* концепт, жақсылық, жамандық, лексема, фразеологизм, мақал-мәтел, жағымды-жағымсыз, әлемнің тілдік бейнесі, концептілік құрылым, сұлулық, ұсқынсыздық, батырлық, достық, арамдық, бақытсыздық.

«Адам–қоғам–табиғат» құрамының «адам» макрожүйесіндегі «ер адам», «әйел» концептілері сияқты «жақсылық» және «жамандық» қарама-қарсылық концептілері де күрделі концептілік құрылымға жатады. Сонымен қатар олар әр ұлттың дүниетанымында өмір сүретін негізгі концептілер. Бұл жөнінде зерттеуші Ж.Уматова былай дейді: «Исследователи выделяют базовые концепты, которые существуют в любом языке и актуальны для каждого человека, однако они не только общечеловечны, но и национально специфичны. Базовыми концептами являются: правда и истина, свобода-воля-вольность, человек и личность, добро и благо, долг и обязанность, ум и глупость, судьба, интеллигенция, совесть, дух и душа и др. Они употребляются в контекстах разных типов сознания — обыденном, художественном и научном, что делает их предметом изучения культурологов, историков различных религий, антропологов, философов» [1; 8]. Орыс әлемінің тілдік бейнесін зерттеген Г.А. Хамитова жақсылық пен жамандық концептілерін «ядерные концепты» деп атайды: «... выделяются ядерные концепты, или концепты-доминанты, к которым в русской картине мира относятся понятия «добро»/«зло» [1; 5]. Қысқасы, «жақсылық»/«жамандық» концептілері концептуалды өрісі күрделі, мазмұны терең, оппозициялық мәндегі негізгі концептілер болып табылады. Этикалық тұрғыдан алып қарағандағы жақсылық/жамандық концептілерінің эстетикалық мәніне келсек, ол сұлулық пен ұсқынсыздықты береді. Мысалы, «Ер Тарғын» жырындағы сұлу Ақжүністі алсақ, оның бейнесі тек сұлулықты әспеттейді:

*Ханның бір қызы бар еді,  
Бет ажарын қарасаң,  
Жазғы түскен сағымдай,  
Ет ажарын қарасаң,  
Қабығынан айырған,*

*Арпа-бидай, ақ ұндай,  
Қас қабағы керілген,  
Кірпігі оқтай тігілген,  
Қараған кісі үңілген [2;189].*

Ал «Алпамыс батыр» жырында Ұлтан портретін сипаттағаннан бастап, көз алдымызға тек ұсқынсыз бейненің суреті келеді. Мысалы,

*Кеудесі болды көбедей,  
Мұрны болды төбедей,  
Күрек тісі кетпендей,  
Көзі терең зындандай,  
Аузы үлкен ошақтай,  
Басқан ізін қарасаң,  
Көрінер оттың орнындай,  
Кеңірдегінің тесігі,  
Жүгімен түйе өткендей [2; 169].*

Жақсылық пен жамандық лексемаларының лингвистикалық түсіндірілуіне келсек, жақсылық дегенде игілік, амандық, мейірімділік, рақымдылық, әдептілік, адалдық, пайда, бақыт, сәттілік, парыз, жақсы, игі іс, жақсы қарым-қатынас, молшылық, келісу, тағы басқа ұғымдармен нақтылана түсетін «бәрі жақсы, оң, адамгершілік (жамандыққа қарама-қарсы)» сияқты жалпы компоненттер бөлініп шығады. Бұл компоненттер арқылы адамның тек жақсы мінезі мен іс-әрекеттері беріледі. Мысал ретінде көркем шығармадан жинастырылған сөйлемдерді келтірейік: *Дауылдың қара бұлтындай болып, әдейі басына арналып келе жатқан қайғы-қасіретті көріп, соның алдынан айласыз-әлсіз күйде өзінің отырғанын біліп тұрса да, кемпірдің жүзінде үлкен сабыр бар. Сынбаған ажар, қажымаған қайрат, кең салқын ерлік бар [3; 84]. Оспан басында не айтарын білмей қысылыңқырап қарап, артынан әлденеден рақымы түскен пішінмен күлді [3; 134]. Мақыштың жұмсақ, ақырын даусынан, әдепті, сыпайы сөзінен жас жігіттерге үлкен құрмет көрсеткендей, ниет сезіліп, жаратылысындағы мейірімді мінезділігі де көрінгендей еді [3; 145]. Бұл уақытқа дейін төбенің басында жүрген Мақыш ақсақал келіп, қонақтарды аттандырып, бұрынғыдай әдепті, жылы пішінмен қоштасып қала берді. Сыздықтың алмағы да бай қызы емес, осындай адамишылығы бар: момын, таза мінез, таза жүректі кедей қызы болатын [3; 148]. Адамишылықты бағалай білетін, еркекке адал дос болатын, жүрегі жылы, махаббатты адам болғандай [3; 149]. Бұрын бірін-бірі сыйлаған жылы көңіл тағы да қалыбына келе бастады [3; 149]. Ал жамандық лексемасының жалпы компоненті: «бәрі жаман, нашар, өнегесіз, адамгершілікке жатпайтын (жақсылыққа қарама-қарсы)». Және ол мына компоненттер арқылы нақтылана түседі: зиян, қырсық, бақытсыздық, қаталдық, кінә тағу, жағымсыздық, жаман сезім, ыза, ашу, өкініш, күнә, кек, өкпе, қуланушылық. Мақаламызда одан әрі осы жамандық лексемаларының компоненттеріне көркем шығармадан мысалдар келтіру арқылы тоқталамыз. Бұл ұғымдар жағымсыз адамның бейнесін, портретін бергенде қолданылады. Мысалы, *суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар [3; 70]. Сыз деуге бұл еңгезердей үлкен бойлы, әдемі қара мұртты, ашушаң, бұлтиған пәлекор көзді, кекірдей кісі [3; 338]. Орталау, қағылез бойлы Құлжатайдың ашаң қызғылт жүзінде үлкен ыза, қатты кейіс бар [3; 338].**

Сол сияқты адамның жаман мінезін, бір жағдай болғандағы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін суреттегенде: *Мінекей — «қас жаман қасындағысын қарақтайды» деген осы. Көрер көзге моп-момын, мұп-мүләйім болып жүрсе де, ол мылжыңның іші осындай. Кеудесі толған — борсып жатқан бықсыма арамдық [3; 82]. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады. Жаннан асқан дүниеқоңыз [3; 79]. Қалтай пішен-қораның ішіне кірісімен шөпке қарамай, үлкен жұмысы ол емес, басқа нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп, өтірік күліп қуланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындап алған сөздерін сөйлей бастады [3; 84]. Бірақ Жұмағұлдың шешесі Қамария — жас күнінен шаруақорлықты сараңдыққа жеткізген, күтімділікті пайдакүнемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пасық бәйбіше болғандықтан, бұл жолы науқанда да қыл-қыбырын көп шығармай, шығындамай, керек нәрселерін тез қамдап алды [3; 99]. Осыны ойлаған сайын жүрегін ыза керней бастады... Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дуылдап басына бір-ақ шықты [3; 86]. Өмір бойында ешбір жаннан мұндай қаттылықты, тұрпайылықта көрмеген Ғазиза, бір жағынан, қорланып, ызаланып, өксіп жылап, бір жағынан, ашу қысып, Жақыпты сол минутта барлық жас жүрегімен өлердей жек көрді [3; 185]. Қасым ашулы болып, қаны бұзыла бастады [3; 217]. Дөң басында малдас құрып отырып, ашулы суық пішінмен күн батыстағы ақ таңлаққа қарап көзін алмайды... қатал ойға бекініп, жаратылысындағы асау қаны тасып, сазарып алды [3; 176]. Жаутаңдаған көзімен жылы шырай іздеп келе жатқанда, алдында бұрынғыдай зәрленіп тұрған Исаны көрді [3; 217].*

Жақсылық пен жамандықты «ақ» және «қара» деген түс арқылы да бейнелеуге болады. Ақ түс жақсылықтың, ізгіліктің, бейбітшіліктің, қара түс жамандықтың, зұлымдықтың нышаны ретінде қолданылады. Пейзажды суреттегенде де осы түстер көп пайданылады. Мұны М.Әуезовтің психологиялық шығармаларынан кеңінен көруге болады. «М.Әуезовке дейін қазақ прозасында адам психологиясының автор идеалымен сабақтас келетін пейзаж жоқ. Зерттеуші Р.Нұрғали де «Пейзажды, диалогты, монологты адам психологиясын ашудың ұтымды тәсілі ретінде пайдалану — Әуезовтің жазушылық ерекшеліктерінің бірі», — деп нақтылайды» [4; 6].

Шынымен де, М.Әуезовтің қай шығармасын алсақ та, табиғаттың пейзажы, диалог, монолог автор кейіпкерлерінің психологиясын аша түседі. Бейнелеу бірліктерінің бірі пейзаждың өзін алдағы болатын іске байланысты береді. Мысалы, «Жетім» әңгімесіндегі «Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлы таудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі. Күн батып, ымырт жабылып барады. Күнбатысты қалың қара бұлт басқан, айналада күнгірт тартқан төбелер қоңырқай тартып, түн тыныштығына қарай бойсұнған сияқты... Ән салған жігіттер табиғатпен жалғасатын тіл тапқандай боп, кейде баялап қоңырлатқан, кейде шырқыраған сұлу әнмен түн құшағына кіріп келе жатты...» деген табиғатты бейнелеуде жазушы **қоңыр** сөзін беру арқылы алдағы болатын оқиғаның жағымсыз екендігінен хабар береді. Сондай-ақ «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі «Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша, жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді» [3; 8] деген пейзажда автор **қызыл** түсін пайдалану арқылы қорғансыздар өміріне төнгелі тұрған қауіп туралы ойды оқырман қауымға тұспалмен білдіреді. Әдебиет зерттеушісі Ы.Дүйсенбаевтың айтуынша: «... Шағын кіріспенің өзінен-ақ қорқынышты оқиғаның төнгенін сезініп, дегбірсіденгендей боласыз. Күннің райы да, табиғат ерекшелігі де көңілдегі күдікті күшейте түседі» [4; 6]. Шығармасында **қоңыр, қызыл** сөздерін үнемі қайталап, белгілі бір мақсатта қолданушы М. Әуезовтің сөз саптауындағы **қара** сөзінің орны тіптен ерекше. Мысалы, «Түнгі тау, қара жартас алыстан перілер мекеніндей болып — жарқ етіп, қайта қараңғылыққа батып жоғалады. Түн қараңғылығы жалт еткен жарықты тездетіп, жалмауыздан басып қалады. Таудың қараңғы сырлы сайлары жартастың қалың көлеңке басқан қара күйедей тұңғыық қап-қара беттері түндегі таудың қараңғы пәлелерін ішіне бүгіп жиып тұрғандай көрінеді» [3; 111]. Табиғатты суреттеудегі бұл сөз ең үрейлі, ең қорқынышты сәтті беруде қолданылады, яғни автор шығарма бойындағы **қоңыр, қызыл, қара** түстерді қорқыныш пен қайғының символы ретінде қолданып, қорқыныш әсерін күшейтуді көздейді. М.Әуезовтің көп шығармаларында **қара түннің қараңғы сыры, түннің қара желі, қаралы сұлу, қара бұлт** сынды сөз тіркестері көп кездеседі. Бұл жөнінде М.Қаратаевтың ойы мынадай: «ылғи «қара», «қараңғы», «қап-қара», «қараңғылық» деген бояулардың қайталануының өзі қорқыныш әсерін күшейтуді көздеген романтикалық сөз кестесін аңғартады»

Ал Г. Пирәлиеваның «М. Әуезов болса, өз шығармаларында әрқашан оқиға өтер жерді (местодействие), психологиялық органы алдын ала жан-жақты баяндап береді. Сосын оған қайтып айналып соқпайды. Бірақ сол қоршаған органы, оқиға өтер айналаны, жерді, табиғатты, ел мекенді ондағы кейіпкерлердің көңіл-күйіне әсер ететіндей, тікелей эмоционалдық, психологиялық жағдай (настрой) сезім құрады. Содан соң автордың барлық көркемдік назары тек қана кейіпкерінде болады. Негізі оқиғаның қайда өтетінін ескеру — кез келген шығармаға тән табиғи көркемдік тәсіл» [5; 275] деген сөзінен шығармаларында жазушының психологиялық органы, психологиялық сезімді ерекше баяндап отыратынын байқаймыз.

Сонымен «ақ» пен «қара» сөздері арқылы әлемдегі жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық сияқты дүниенің негізін құрайтын ұғымдарға бағдар жасауға болады. Қазақ тілінде жақсылық концептісі *ақ тілеу, ақ босаға, ақ жол, ақжолтай, ақ ниет, ақ көңіл, ақ білек*, тағы басқа тілдік бірліктері арқылы, ал жамандық концептісі *қара жүрек, қара жау (қас дұшпан), қара көңіл, қара уайым, ұрынарға қара таппау, қара түнек заман, қара күн туу, қара қол, қара күш*, тағы басқа тілдік бірліктері арқылы көрініс табады. Сол сияқты «ақ» пен «қара» ұғымдары арқылы алғыс және қарғыс сөздерінің айтылатыны белгілі. Алғыс «ақ» тілдік бірлігі арқылы берілсе, ал қарғыс «қара» атауы арқылы көріністенеді. Мысалы, *ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс, ақ күн тусын, айтқаның ақ болсын, қара күн тусын, қара шашың жайылсын, көзіңнен қара қан ақсын, қара басыңа көрінгір* т.б.

Қазақ тілінде *ақ* сөзіне қатысты түйе малына айтылатын бір қарғыс кездеседі, ол *ақ шелек келгір*, немесе *ақ шелек шалғыр*. Өрістен келмей, қасқырға жем бол деген мағынаны білдірсе керек.

«Жамандық» пен «жақсылық» концептілері арқылы жағымды және жағымсыз құндылықтарды байқауға болады. Оны біз жоғарыда қарастырған фразеологизмдерден көруге болады. Әлемдегі барлық заттар, құбылыстар жақсы және жаман деген принцип бойынша бағаланады. Осы тұрғыда фразеологизмдерді мағыналарына қарай «жағымды/жағымсыз» мазмұндағы концептілер деп бөліп қарастыруға болады. Қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдердің «жағымды» мәндегі концептілерін былайша жіктеуге болады:

1. «Мінез-құлық» концептісі: *бір ұрт* (қыңыр, қырсық), *иманы бетінде үзіліп тұр* (ұяң, ибалы, тәрбиелі), *жарқын жүзді* (мінезі ашық-жарқын), *Атымтайдай жомарт* (сері, қолы ашық), *жылы жүрек* (қайырымды, мейірімді, тілекке ынтығы бар сергек көңіл), *жібектей есілген* (мінезі биязы, жақсы қылықты).

2. «Ақылдылық» концептісі: *ақылы Аплатондай* (дана), *ақылы азық, сөзі суысын, ақылын азық, сөзін сусын етті* (ақылымен қаракет қамына бастап, сөзімен қаяу көңілді тұштытқан даналар жайлы айтылады).

3. «Батырлық» концептісі: *атан жілік, арқар мүйіз* (қуатты, айбарлы), *арыстан жүректі* (қаймықпайтын, тайсалмайтын өжет), *алапаты асқардай* (алабөтен күшті, айбаты зор), *жолбарыстай қайратты, жүрегінің түгі бар* (ер, батыр, батыл кісі, еш нәрседен таймайтын, қаймықпай бетіне айтатын адам), *жүрек жұтқан* (еш нәрседен қорықпайтын батыл, ер-азамат).

4. «Достық», «жақындық» концептісі: *тел қозыдай өсу* (жүп жазбай бірге өмір сүру), *тең құрбы* (жақсы қатар, замандас), *тонның ішкі бауындай* (өте жақын, өз адамындай), *егіз қозыдай* (өте тату, айырылмас дос), *бауыр еті* (өте жақын, қымбаттысы), *бауырындай көру* (жақын тарту), арасынан қыл өтпейді (өте тату болу, дос көңілді болу), *етене жақын* (жандай дос, өте жақын).

5. «Сұлулық» концептісі: *қара көз* (сұлу қыз, жас әйел), *қырмызыдай ажарлы* (өте сұлу, әдемі), *қордың қызындай* (діни сенім бойынша пейіштегі ең сұлу қыз), *кер маралдай керілді* (кербез, сұлу, бойына әсемдік жарасқан), *ақ білек* (сұлу, перизат), *ақ сұпыдай* (әсем, ақ торғын), *атқан таңдай* (өзгеше ару, асқан сұлу), *кісі жұтып қойғандай* (сүп-сүйкімді, өте әдемі, келісті).

6. «Қуаныш» концептісі: *ақ түйенің қарны жарылды* (қарық боп қалды), *жүрегі жарыла жаздады* (қатты қуанды, көңілденді), *жерден жеті қоян тапқандай* (қатты шаттанды), *әйелі ұл тапқандай қуану* (өте қатты қуану, мәз болу), *екі езуі екі құлағында* (өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мәз-мейрам).

7. «Түр-кескін» концептісі: *алпамсадай жігіт* (сойталдай, еңгезердей ірі), *бидай өңді* (ақ құба, ажарлы), *ашық жүзді* (ақша бет, ақ құба, шырайы жарқын), *ақбөкеннің таңындай* (күн шалмаған аппақ, ақ күмістей), *балқып туған толған айдай, аршыған жұмыртқадай* (аппақ, ақ торғын).

Жағымсыз қасиеттерді беретін «жағымсыз» мазмұндағы концептілерге келсек, фразеологизмдер құрамындағы оларды да төмендегіше топтастыруға болады:

1. «Мінез-құлық» концептісі: *арам ниет* (көңілі қара, бұзық адам), *арыстандай құтырды* (аласұрды, жанын жеді), *ашуы жауған қардай, шөк нардай* (ашуы қатты, қаһарлы, ашуы зілді, салмақты), *бурадай бұрқылдады* (бұрқан-тарқан болып қатты ашуланды, қаһарланды), *қара көңіл* (ниеті арам, аяр кісі), *қабағынан қар жауғандай* (қатты ашуланып, қаһарланды, кектенді), *қара жүрек* (рақымы жоқ, қанқұйлы адам), *сиыр мінез* (сүйкімсіз қылық), *кескекті аю* (ашулы, қаһарлы).

2. «Қыңырлық» концептісі: *кекіреге тойған текедей бақылдайды* (қоразданып «маза» бермеген, өкірендеген еркек кісі), *бір ұрт* (қыңыр, қисық), *аузына құм құйылды* (сөзбен жым болды, жағы қарысты, сөз айта алмай қалды), *аузына тас салды* (жұмған аузын ашпау, тіс жармау, мыңқ етпеу), *кер табан* (қияңқы, қырсық, тартыншақ), *сиыр тектес* (жөн сөйлемейтін, қисық, қыңыр).

3. «Ұсқынсыздық», «сүйкімсіздік» концептісі: *ажары қашты* (адамның бет әлпеті, түр-түсі бұзылды), *көрден шыққандай* (адам қарайтын сиқы жоқ, өңі қуқыл, жадау), *өңі қораш* (тұлға бітімі шағын, түрі өңсіз), *өгіздей өңкиген* (денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей), *жаман түйенің жабуындай* (әбден тозығы жеткен, алба-жұлбасы шыққан).

4. «Қайғыру» концептісі: *ботасы өлген түйедей зарлады* (қайғы батты, жоқтап, зар еңіреді), *ботадай боздады, боталаған нардай зарлады* (емірленді, мейірімі түсіп егілді), *жабырқау тартты* (көңілсіздік басты, мұңайды), *жер таянды* (уайым, шерге батты, қайғыда қалды), *жүрегі қарс айырылды* (қайғыдан қатты күйінді, өзегі өртенді), *көңілі жабықты, көңіліне құса түсті* (қайғырды, уайымдады), *қара уайым басты* (қайғырды, қалың қайғыға шомды).

5. «Кедейлік», «аштық» концептісі: *сығай тойды* (аузы-мұрнынан шыққанша жеді), *табанынан таусылған, аузы жарымаған, шілдесінде шырақ көрмеген* (түк көрмеген, түкке жарымаған), *күйедей жалады, жылан жалағандай* (еш нәрсе жоқ, түк қалдырмай, тып-типыл қылған), *екі құлағынан басқа адал қарасы жоқ* (нағыз кедей, қу кедей, тақыр кедей).

6. «Жамандық» (жамандық жасау) концептісі: *дәм татқан құдыққа түкірді, дәм-тұзын аттады* (жақсылыққа жамандық жасады), *көзіне топырақ шапты* (жамандық істеді), *көңіліне арамдық түйді* (жаман ойлады), *көр қазды* (арамдық жасады, жамандық жасады), *ала жібін аттау* (қиянат жасау, сұғанақтық істеу).

7. «Жанжалдасу», «араздасу» концептісі: *ала арқан кесісті, ат кекілін кесісті* (біржола араздасты, бөлінді), *алакөз қылды* (араз, қырғи қабақ болды), *ала қозыдай бөлінді* (жік-жік болып ыдырады), *кешу айтысты* (арыздасты), *ит пен мысықтай* (бір-біріне өш, өштес, аңдысып өтер жау мағынасында).

Жақсылық пен жамандық концептілерінің негізгі емес бөліктерінің көрініс табуы фразеологизмдермен қатар, мақал-мәтелдерде де анық көрінеді. Себебі қазақ халқы үшін сабырлылық, еңбекқорлық, жомарттық сынды ұғымдар жақсылықты берсе, сабырсыздық, жалқаулық, сарандық ұғымдары тек жамандықты береді. Және осы ұғымдардың мәнін ашуды көздеген қазақ халқы сөз маржаны мақал-мәтел мен қанатты сөздерін қалдырды.

Көне мәдениеттің көзі, сөз мәйегі — мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай салаларының бірі мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің ұлтымыз үшін алар орны ерекше. Мақал-мәтел, қанатты сөздер — ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақ еншісіне тиген мол қазына. «Олар ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі» [6; 22]. Егер зерделеп қарасақ, әрбір мақалдың күнделікті өмірдің өзінен алынғандығына айқын көз жеткіземіз. Және сол мақал-мәтел — дер кезінде тура тауып, суырып салып айту сияқты дана қазақтың ешбір ұлтта қайталанбас қасиетінің негізінде өмірге келген құнды дүние. Бұл жөнінде ауыз әдебиетінің шағын жанры мақал-мәтелді алғаш зерттеушілердің бірі, қазақтың жарық жұлдызы Ш.Уәлиханов былай дейді: «Мақалдарда халық ойының ең түйінді, ең қысқа, дәл тұжырымдалған мәуелі жемісі жинақталады» [7; 45].

Көлемінің ықшамдылығына қарамастан, күрделі, терең ойды беретін мақал-мәтелдерді тіл білімінде, әдебиет әлемінде зерттеу ерте кезден қолға алынды. Мысалы, мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А. Байтұрсынов, І. Кеңесбаев, Р. Сәрсенбаев, Б. Адамбаев, Ә. Қайдар, С. Нұрышев, Ғ. Мұсабаев, М. Ғабдуллин, Ғ. Тұрабаеваның еңбектерінде, салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан А. Нұрмаханов, Э. Мұқышева, А. Дондаева, Д. Беғалықызының, тағы басқалардың жұмыстарында қарастырылған. Фольклорист зерттеуші М. Әуезов те зерттеу еңбегінде халық ауыз әдебиетінің 4 түрін: сыршылдық салт өлеңдер, әңгімелі өлеңдер, айтыс-тақпақ және ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ деп бөліп көрсетеді де, мақал-мәтелдерге қысқаша тоқталады. Сондай-ақ мақалдарды, мәтелдерді жинастыра отырып зерттеуде Ш. Уәлиханов, В. Радлов, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский, Ә. Дибаяев, Ә. Тұрманжанов, С. Аманжолов, Ә. Құрышжанұлы сынды ғалымдардың еңбегі зор. Мәселен, көрнекті ғалым Ш. Уәлиханов қазақтың үш жүздей мақал-мәтелін жинастырған.

Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі қазақ халқының мақал-мәтелдерін ұзақ жылдар бойы жинап, зерттеп, зерделеген ғұлама ғалым ретінде ерекше аталуы тиіс. Ғалымның ерекшелігі, өзі жинаған мақал-мәтелдерді тақырып бойынша топтастырған. Қазақтың «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» сынды кейбір мақалдарының шығу төркінін анықтап, соларға қатысты деректер жинаған. Алдағы жұмысымызда ғалымның жинастырған мақал-мәтелдерін негізге алып отырамыз.

Жалпы, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді өте ертеден, Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінен, орта ғасырдағы М. Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағынан», Ж. Баласағұн, С. Сарайи, А. Йүгінекидің зерттеу еңбектерінен кездестіруге болады. Осы сынды келесі дәуір толқындары Майқы би, Бұқар, Шалкиіз, Абай, Шәкәрім сөздерінің барлығы дерлігі тек ізгі қасиеттерді уағыздайтын ғибрат, өсиет сөздер. Сол сияқты Қадыр Мырза Әлі, Әзілхан Нұршайықовтың қанатты сөздері басылым беттерінде жариялануда.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел-отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Біздің зерттеу жұмысымызда адамның мінез-құлқына байланысты,

жақсы мен жаман қасиетіне қатысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер қарастырылады. Білетініміздей, қоршаған ортадағы барлық заттар мен құбылыстар «жаман», «жақсы» принципі бойынша бағаланады.

Қазақ халқы үшін сабырлылық ең жақсы қасиеттердің бірі саналатын, сары алтынмен пара-пар келетін ұғым. Сабырлылық дегеніміз — адамның төзімділігі мен ұстамды болу қасиеті. Белгілі бір мақсатқа жету жолында адал, сабырмен еңбек етсе, сабырлы адамның көздеген жетістікке, тілеген тілегінің, мүддесі мен міндетінің ең биік шыңына шығатыны анық. «Сабыр түбі — сары алтын», «Асыққан қалар ұятқа» [7; 58] мақалдары мен Жүсіп Баласағұнның «Асығыс түбі — өкініш» [7; 104], Йүгінекидің «Жақсылықтан үміт етсең — сабыр ет» деген қанатты сөздері [7; 106] осы ойды үстемелей түседі. Сабырлылық қасиетті М.Көпеев өзінің «Бес қымбат» нақыл өлеңінде үшінші қымбат нәрсесіне жатқызады:

*«Үшінші қымбат нәрсе — сабыр!» — деген,  
«Сабырлысы мұратын табар!» — деген.  
Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,  
Сабырсыздық басқа пәле салар!» [6; 226] —*

деген. Адамның жақсы/жаман қасиеті іс-әрекетімен өлшенеді. Адам адамнан білімі, жақсы мінезі, яғни бойындағы жақсы қасиеттері, арқылы ғана ерекшелене алады. Сол қасиеттерге кішіпейілділік, адалдық жатады. Бұл жайлы қазақ мақалдары «Кішіпейілділіктен кішіреймессің», «Кішіпейілділік — кісінің көркі» [7; 172] десе, Йүгінеки «Кішіпейілдің абыройы асады, Тәкаппардың құты қашады» [7; 27], Құтып «Адалдық — ерлік нышаны» [7; 96] дейді. Баласағұнның «Тәкаппарлық хақ жолынан тайдырар» [7; 28] деген қанатты сөзі адамның абыройына, беделіне нұқсан келетін жаман қасиеттердің бірі тәкаппарлықты бейнелейді. Бұл жаман қасиетті Ғ. Қараш:

*Біреуі жаман мінез тәкаппарлық,  
Менсінбеу басқаларды құлқы тарлық.  
Бұ да бір көрмегендік, білмегендік.  
Болмаса не бар өзін зор баларлық, [8; 239] —*

деген ойларымен суреттесе, Балпық би «Адамды түрлі бәлеге ұшырататын — тәкаппарлық», «Тәкаппарлық үнемі көрініп тұратын өлік» деп, тәкаппарлықты адамның жаман мінезінің ішіндегі жаманының қатарына жатқызады.

Адамның қоғамдағы рөлін анықтайтын ақылдылық, ақылсыздық, надандық қасиеттеріне қазақ мақалдарынан, қанатты сөздерінен көп мысалдар келтіруге болады. «Ақылды елді оздырады, ақылсыз өзін-өзі тоздырады», «Ақылды адам батпан-ақ, ақылсыз адам сасқалақ» [7; 59] немесе «Ақылсыз бас аяққа тыным бермейді» мақалдары мен Баласағұнның «Ақылсыз адам — мәуесіз ағаш секілді» [7; 137] және Сарайидің «Ақылды адам өмір сүру үшін ішіп-жейді, ақымақ адам күнде ішіп-жеу үшін өмір сүреді» [7; 133], Рәшид-әд-диннің «Надандық» дегеніміз — тозақ, одан шығар жол жоқ» [7; 146], Йүгінекидің «Білімді білімсіздің мыңын жеңер» [7; 150] деген қанатты сөздерінің үндестігін байқауға болады. Қазақ философы, ақын Шәкәрімнің айтуынша, ақыл деген нәрсе — өлшеусіз бір нұр. Ақылсыздың өмірі мағынасыз өмір дейді. «Ақылсыздық — адам қасіреттерінің ең зоры, ол адам мәнінің жойылуы болып есептелген» [8; 158]. Ақынның мына бір өлеңінде сол ақылдының, арсыздың және адал адамның сиқы бейнеленген:

*Ақылды сол — ынсаппен ар сақтайды,  
Арсыз сол — арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол — таза еңбекпен күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды [8; 45] (Шәкәрім).*

Қазақ ақ көңіл, қонақжай, жомарт халық болғандықтан, сараңдықты еш ұнатпаған. Баласағұн: «Сараңдық — емі жоқ ауру» [7; 23], — дейді. Керісінше, «Жомарт болу дегеніміз — өзгеге жақсылық сыйлау» [7; 147], жамандыққа жақсылықпен жауап қайтару. «Жақсылыққа — жақсылық әр кісінің ісі, жамандыққа — жақсылық ер кісінің ісі», «Сараң адам өзі жинаған байлықтың құлы» [7; 274] деген мақалда қазақ жомарттық нағыз ер, нағыз нар кісінің ісі екенін көрсетсе,

*Өмірде жақсы мінез — «жомарт» деген,  
Жаман ат — «сараң», тәуір сөз ермеген.  
Берген қол бәрінен де, құтты болар,  
Сол жаман — ала біліп, түк бермеген, —*

деп, Йүгінеки «Ең жақсы әдет — жомарттық» [8; 21] деп саралайды. Сол сияқты «Мінездің жақсысы — әдептің мінсізі, ал жомарттық — ол сараңның айнасы», — дейді Йүгінеки «Ақиқат сыйы»

еңбегінде. Жалпы «жомарттық — адам бойындағы жақсы қасиеттерінің бірін білдіретін, оң моральдік сапасын белгілейтін этикалық категория» [8; 192].

Адам баласын тәрбиелейтін мектептердің бірі еңбек болып табылады. Ата-бабамыз «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады» деп адамзатты еңбекқорлыққа тәрбиелеп, жалқаулықтан бойын аулақ ұстауға шақырған. «Еріншекке есік те асу көрінер, жалқауға бұлт та жүк көрінер» [7; 30] деген Махмуд Қашқари сөзі де жалқаулық, еріншектікті ұсқынсыз жағынан суреттесе, қазақтың Төле биі де мінездің жаманын саралап бергенде осы еріншектікті ең басты кесірлікке жатқызған: «Жігіт адамға басты кесір — еріншіктік, ортаншы кесір — ұйқышылдық, кенже кесір — кежірлік, тілазарлық. Осы үш кесір, әдет бір адамда болса, ол адам өмір бойы оңбайды» [8; 168].

Қазақ мақал-мәтелдері, әр ғұламаның айтқан қанатты сөздері — көп сөзді шұбыртпай, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарған, қысқаша ғана айтылған сөздің мәйегі. «Мақалдар кейде өлең сияқты ұйқастық тізбекпен айтылып, өте терең салмақты ырғақпен қара сөз арқылы адамның өз ойын жеткізеді. Ал кейде шешендік өнердің бір саласы сияқты терең мағынада тақпақтап айтылады. Сондықтан да бізге мақалдың сөйлемдері екі бөлімнен тұратын сияқты болады: біріншісінде әуелі ой айтылады, одан соң өте қысқа ғана қорытынды келеді» [8; 27].

Адамның жақсы мінезіне қатысты келтірілген мақалдардағы жомарттық, батылдық, шыншылдық, ізеттілік, кішіпейілділік, әділдік, сабырлық, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттердің барлығы адамгершілік категорияларына жатады. Осы адамгершілік қаруымен қаруланған адам — «жақсы адам», Абай тілімен айтсақ, «толық адам». Қай елдің мақал-мәтелдерін алмасақ та, барлығының ең басты ерекшелігі тәрбиелік маңыздылығы екенін байқаймыз. Қазақ халқында «Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі — жақсы мінез, екіншісі — жақсы сөз» деген сөз бар. Адамның қорғаушысы — жақсы мінезі және әрдайым адамның сары алтын сабыры қорғаны, таудай талабы жетекшісі, азбас ақылы басшысы, ерен еңбегі жолдасы болуы тиіс.

Сонымен, жақсылық/жамандық концептілерінің ассоциативтік өрісі кең. Сондықтан ол концептілер ізгілік пен зұлымдық, жомарттық пен сараңдық, адалдық пен арсыздық, жалқаулық пен еңбекқорлық, шындық пен әділетсіздік, сабырлық пен асығыстық сияқты концептілерін де өзіне қосып алады. Бұлардың барлығы да адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде қалыптасатын құндылықтар. Қазақ тіліндегі ұлттық негізді танытатын тілдік мұра, асыл қазына мақал-мәтелдерден осы концептілердің көрінісін байқауға болады. Сондай-ақ жақсылық пен жамандық қазақ тілінде *ақ* және *қара* лексикалық бірліктері арқылы көрініс табады. Жарық жақсылықты берсе, қараңғылық жамандықты сипаттайды. М. Әуезовтің психологиялық прозасындағы табиғатты суреттеп беретін тұстарынан осы түстердің басым қолданылатынын көреміз. Тіліміздегі жақсылық концептісі *ақ тілеу*, *ақ босаға*, *ақ жол*, *ақжолтай*, *ақ ниет*, *ақ көңіл*, *ақ білек*, тағы басқа тілдік бірліктері арқылы, ал жамандық концептісі *қара жүрек*, *қара жау* (*қас дұшпан*), *қара көңіл*, *қара уайым*, *ұрынарға қара таппау*, *қара түнек заман*, *қара күн туу*, *қара қол*, *қара күш*, тағы басқа тілдік бірліктері арқылы да көрінеді. Сонымен қатар қазақ тілі білімінде «жақсылық» концептісі сияқты жағымды мәндегі «ақылдылық» концептісі: *ақылы Алатондай* (дана), «батырлық» концептісі: *арыстан жүректі* (қаймықпайтын, тайсалмайтын, өжет), «достық», «жақындық» концептісі: *тел қозыдай өсу* (жұп жазбай бірге өмір сүру), «сұлулық» концептісі: *қара көз* (сұлу қыз, жас әйел), «қуаныш» концептісі: *ақ түйенің қарны жарылды* (қарық боп қалды) және «жамандық» концептісі сынды жағымсыз мазмұндағы «қыңырлық» концептісі: *бір ұрт* (қыңыр, қисық), «ұсқынсыздық», «сүйкімсіздік» концептісі: *көрден шыққандай* (адам қарайтын сикы жоқ, өңі қуқыл, жадау), «қайғыру» концептісі: *ботасы өлген түйедей зарлады* (қайғы батты, жоқтап, зар еңіреді), «кедейлік», «аштық» концептісі: *табанынан таусылған*, *аузы жарымаған*, *шілдесінде шырақ көрмеген* (түк көрмеген, түкке жарымаған), «жанжалдасу», «араздасу» концептісі: *алакөз қылды* (араз, қырғи қабақ болды) кең өріс алған. Міне, жоғарыда көрсетілген жағымды және жағымсыз мәндегі концептілерге тоқталу арқылы қарама-қарсы қойылған жақсылық/жамандық концептілерінің мазмұны терең ашыла түсті.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Уматова Ж.М. Концепты «душа»/«жан» как лингвокультурологический феномен: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 – «Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание» / Ж.М. Уматова. — Алматы, 2005. — 26 с.
- 2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 288 б.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы / М. Әуезов. — Алматы, Жазушы, 1979. — 456 б.

- 4 Шайкенова А. 1920–30 жылдардағы қазақ прозасындағы астарлы мағына және дискурс табиғаты: филол. ғыл. канд. дис. / А. Шайкенова. — Астана, 2010. — 28 б.
- 5 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері / Г. Пірәлиева. — Алматы: Алаш, 2003. — 328 б.
- 6 Көпеев М.Ж. Екі томдық / М.Ж. Көпеев. — Алматы: Ғылым 1992. — 324 б.
- 7 Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері / Ө.Тұрманжанов. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 176 б.
- 8 Раев Д. Қазақ шешендігі философиясы / Д. Раев. — Алматы: Қарасай, 2011. — 264 б.

У.М. Бахтикиреева, А.Ш. Каппасова, А.Е. Капанова, А.Ж. Абдикадилова

### Фразеологизмы, составляющие понятия «добро»/«зло», и их стиль

В статье рассмотрено одно из основных понятий когнитивной лингвистики — проблема концепта, в том числе постоянные сочетания, создающие концепты «добро»/«зло», и их стилистическая деятельность. Были исследованы лексемы из произведений М. Ауезова: добро и зло, благополучие, доброта, сострадание, вежливость, честность, прибыль, счастье, успех, долг, трудолюбивый, добрые дела, хорошие отношения, достаток, согласование, ущерб, несчастье, жестокость, предъявление претензий, плохое чувство, ярость, раскаяние, грех, месть и т.д. Фразеологизмы описаны на основе «позитивно-отрицательного» содержания. Благодаря этой классификации глубоко раскрывается содержание концептов «добро»/«зло».

*Ключевые слова:* концепт, добро, зло, лексема, фразеологизм, пословица, позитивное, отрицательное, языковое изображение мира, концептуальная структура, красота, преданность, героизм, дружба, беспечность.

U.M. Bakhtikireeva, A.Sh. Kappasova, A.E. Kapanova, A.Zh. Abdikadirova

### Phraseological units, that make up the concept of «good» or «evil» and their style

In the article one of the main concept of cognitive linguistics is mentioned, as well as the phraseological units, that build «good/evil» concepts, and their stylistic functions. Lexemes from compositions of M. Auezov were studied such as: good and evil, well-being, safety, mercy, clemency, delicacy, honesty, benefit, happiness, success, duty, good deeds, gentrity, good relationships, prosperity, agreement, harmful, stubbornness, charm, poverty, wealth, unhappiness, cruelty, accusation, trouble, bad feelings, anger, regret, sin, revenge, unhappiness, laziness, disappointment, etc. Phraseological units are divided in to good and evil concepts according to their meanings. Due to this division the meaning of «good/evil» concepts that are opposite to each other was explained deeper.

*Keywords:* concept, good, evil, lexeme, phraseology, proverb-adage, positive and negative, language image of the world, structure of concepts, beauty, ill-favored, heroism, friendship, foul, misfortune.

### References

- 1 Umatova, Zh.M. (2005). Kontsepty «dusha»/«zhan» kak linhvokulturolohicheskii fenomen [Concept of the soul as a linguocultural phenomenon]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 2 Konyratbaev, A. (1991). *Kazak folklorynyn tarihy [History of Kazakh folklore]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Auezov, M. (1979). *Zhiyirma tomdyk shyharmalar zhinahy [Collection of 20 tomes of works]*. Almaty: Zhazyushy [in Kazakh].
- 4 Shaikhenova, A. (2010). 1920–30 zhyldardahy kazak prozasyndahy astarly mahyna zhane diskurs tabihaty [Hidden meaning and discourse of nature in the Kazakh prose 1920–30s]. *Candidate's thesies*. Astana [in Kazakh].
- 5 Piralieva, G. (2003). *Korkem prozadahy psikhologizmnin keibir maseleleri [Problems of psychologism in artistic prose]*. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 6 Kopeev, M.Zh. (1992). *Eki tomdyk [Two tomes]*. Almaty: Hylym [in Kazakh].
- 7 Turmanzhanov, O. (1993). *Kazak makal-matelderi [Kazakh proverbs-adages]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 8 Raev, D. (2011). *Kazak sheshendihi filosofiasy [The philosophy of Kazakh eloquence]*. Almaty: Karasai [in Kazakh].